



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Алайда тұрғын үй жағдайын жақсартуды қажет ететін жағдайы нашар адамдардың санын бірде-бір ресми тұлға атамайды. Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің айтуынша, 2013 жылға дейін тұрғын үй көмегін 125 мыңнан астам отбасы алған. «Қолжетімді баспана–2020» бағдарламасында тұрғын үй құрылысының үлесін әкімдіктердің кезегінде тұрған, жағдайы нашар, әлеуметтік тұрғыда қорғалатын тұрғындар есебінен жалпы көлемнен жыл сайын кемітіп отыру қарастырылған. 2013 жылы 4,2 пайыз, ал 2020 жылы 2,8 пайыз қысқарту көзделген.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2009 жылы тұрғын үй салу құрылысы күрт бәсеңдеп кетті, қазір қайтадан артып келеді. Қазақстан статистикалық агенттігінің деректері негізінде жасалған кесте

	2007	2008	2009	2010	2011	2012
Пайдалануға берілген тұрғын үй, мың шаршы метр)	6679	6848	6403	6409	6531	6742
Пәтер саны	57 513	58 799	54 110	54 716	55 026	57 135*
Тұрғын үй құрылысына салынған инвестиция, миллиард теңге	490,4	468, 0	310, 8	335, 7	421, 0	400,7

Бұл кестеден тұрғын үй құрылысын қаржыландырудағы мемлекеттің үлесі соңғы уақытта артып келе жатқанын байқауға болады. 2007 жылы жалпы тұрғын үй салудағы мемлекеттік және жергілікті бюджеттің үлесі 9 пайыз болса, 2011 жылы 25 пайыз болған. Былтыр қабылданған «Қолжетімді баспана–2020» бағдарламасы бойынша 2020 жылы бір жылда салынатын тұрғын үй көлемі 10 миллион шаршы метрге жетуге тиіс. Тұрғын үй барлық қаржыландыру көздері арқылы, соның ішінде республикалық бюджеттің есебінен де салынбақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Тұрғын үй қатынастары туралы Заңы. (2014.01.13. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
2. «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» тұрғын үй құрылысын дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы (20.06.2012ж)
3. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы. (11.11.2014ж)
4. Асқарова Ж.А. Бизнесті бағалау: Оқу құралы. – Алматы: Юридическая литература, 2013.

УДК 347.6

СУРРОГАТ АНА ШАРТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Палымбетова Мөлдір

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, заң факультеті, құқықтану мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекші – Қалтаева А.Т., аға оқытушы

Қазақстан Республикасының 2011 жылдың 26 желтоқсанда қабылдаған «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексіндегі 3 бөлім 9 -тарау 54-59 бап аралығындағы «Суррогат ана болу және қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану» атты жаңадан енгізілген заңнамаға қатысты зерттеулер мен көзқарастар негізінде жазылған[54-59 б].

Қазіргі таңда «суррогат» аналар жайлы пікір жиі қозғалып жүр біздің қоғамда. Алайда «суррогат» аналар туралы бірі білсе, бірі біле бермеуі мүмкін. «Суррогат» ұғымы қазаққа жат болса да, бүгінгі қоғамда оған да жүгініп жатқандар баршылық. Дүниеге бала әкелуге қабілетсіз ерлі-зайыптылар амалсыздан «суррогаттардың» көмегіне жүгінеді. Суррогат ана-суррогат ана мен ықтимал ата-ана арасындағы шарт бойынша бойға бала бітіру, оны көтеру және туу. [142-143б]. Нәресте сүйгісі келетін жұп өзге біреудің құрсағын «жалға» алады. Бүгінде балаға зәру ата-аналар жабыла дәрігердің көмегіне жүгініп, одан қалды, тәуіп пен емші ауылын жағалап, ақыр соңында соңғы үмітін жат құрсақты «жалға» алумен жалғайды. Мұны біреу қолдаса, біреуге тым ерсі көрінеді. Үміт жібін үзгісі келмеген жұрттың баратын ақырғы әрекеті, осы «суррогаттардың» көмегіне жүгіну. 2000 жылдан бері дүние жүзінде суррогаттық әдіспен 280 мыңнан астам нәресте дүниеге келген екен. Қазақстан «құрсақ ананы» заңдастырған мемлекеттің бірі болғандықтан жыл сайын отызға жуық ата-ана осындай тәсілді таңдайды көрінеді. Ендеше Суррогаттық тәсіл дегеніміз не? Оның қоғамға тигізетін әсері? Суррогат анаға қатысты заң туралы көзқарас? Осы секілді сұрақтарға жауап іздестіріп көрейік.

«Естімеген елде көп» дейтін едік бұрынырақ. Енді естігенімізден көргеніміз көп болып отыр қазіргі таңда. Суррогат ана, яғни құрсақ ана, ғылымда соңғы он бес жылда қарқынды дамыған медициналық құбылыс болып есептеледі. Әлемде бұл әдіспен қанша сәби дүниеге келгені туралы ресми мәлімет жоқ, алайда жоғарыда атап өткеніміздей бейресми сараптамаларға сенсек, дүниежүзінде суррогат ананың көмегімен 280 мыңдай сәби туылыпты. Бір қарағанда, бәрі дұрыс-ау. Бірақ кейбір Батыс елдерінде ешбір кінәратсыз-ақ, дені сау келіншектер дене бітімін бұзып алмау мақсатында арнайы түрде суррогат ана қызметіне жүгінеді екен. Ал елімізде суррогат ана қызметіне қай бағытта жүгініп жатқанымызды саралау жағына келсек, түрлі пікірде қалады екенсің.

Біреу тойып секіріп жүрсе, ал біреулер тоңып секіріп жүргендер әйтеуір. Ендеше қоғамдағы осы бір өзекті мәселенің жайын ашуға тырысайық. Негізінде, Қазақстан Республикасының заңында суррогат ана болу туралы тұңғыш рет 2004 жылғы 16 маусымдағы «Азаматтардың репродуктивті құқығы және оны жүзеге асырудың кепілі туралы» ҚР Заңында айтылады. Алайда, аталған нормативтік-құқықтық актіде суррогат ана болуды реттейтін барлық жағдай қамтылмаған. Тек суррогат ананың құқығы, осындай қадамға барудың себебі, шарт жасау мен оны орындауға қатысты өзге аспектілер айтылмаған. 2011 жылы желтоқсан айында Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі қабылданды. Оның толық бір тарауында Қазақстан Республикасында суррогат ана болудың талаптары, шарт жасау, оның мазмұны сияқты қажетті мәліметтер көрсетілген.

Суррогат ана болудың шарты Қазақстан Республикасының азаматтық талаптарын сақтаумен жазбаша жасалады және міндетті нотариалды куәландыруға жатады. Некеде тұрған және бала қалайтын тұлғалар арасында нотариалды куәландырылған жазбаша шарттың болуы тиіс. Аталмыш шартты жасау кезінде барлық құқықтар мен міндеттер толық қаралып, қамтылады. Және де екі жақ та тиісті қызмет көрсететін медициналық мекемемен шарт жасауы қажет. Суррогат ана болуды қалайтын әйел 20-35 жастағы, физикалық, психологиялық және репродуктивті денсаулығы қанағаттанарлық, сонымен қатар өзінің дені сау баласы болуы керек. Және суррогат ана тіркелген некеде тұруы мүмкін. Мұндай жағдайда суррогат ана болу шартын жасасқан кезде жұбайының нотариалдық тәртіппен куәландырылған жазбаша келісімін ұсыну міндетті.

Тапсырыс берушілер суррогат ана болу шартын жасасқан кезде кодексте қарастырылған бірқатар талаптарды орындауы да заңмен қарастырылған. Атап айтқанда, суррогат ананың медициналық тексеруден өтуі мен қосалқы репродуктивті әдістер мен технологияларды қолдануына қатысты материалдық шығындарды өтеу. Медициналық тексерудің қорытындысы мен медикогенетикалық тексерудің нәтижесін ұсыну, суррогат ананың жүктілік, босану және бала туған күнінен бастап 56 күн бойы медициналық тексеру

бойынша шығындарын, ал егер де жүктілік және бала тууға байланысты қиындық туындап қалса, босанғаннан кейін 70 күн бойы қажет болған қаражатты төлеуге міндетті.

Сонымен бірге суррогат ананың да белгілі міндеттері бар: тапсырыс берушілерге өзінің табиғи, психологиялық және репродуктивті денсаулығы туралы қорытынды ұсыну; дәрігерде тұрақты бақылануы және оның ұсыныстары мен тағайындамаларын қатал орындау; онымен шарт жасасқан тұлғаларды суррогат ана болу шартында келісілген жүктіліктің барысы туралы мерзімінде хабардар ету; онымен суррогат ана болу шартын жасасқан тұлғаларға туған баланы беру; суррогат ана баланы өзге тұлғаларға беруге құқығы жоқ; жүктілікті жауапкершілігіне алады, суррогат ана болу шартымен қарастырылған қосалқы репродуктивті әдістер мен технологияларды қолданғаннан кейін табиғи жүктіліктің болу мүмкіндігін болғызбауға міндетті. Баланы туған соң қосалқы репродуктивті әдістер мен технологияларды қолданғаннан кейін туған баланың ата-аналары суррогат ана болу шартының негізінде ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) болып танылады. Соған байланысты баланың туу туралы медициналық куәлігінде оның анасы ретінде суррогат ана болу шартын жасасқан жұбайы жазылады. [54-59бап]

Сонымен қатар кодексте репродуктивті әдістер мен технологияларды қолдану нәтижесінде екі және одан да көп балалардың тууы қарастырылған. Бұл жағдайда ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) туған әр балаға тең мөлшерде жауапкершілікке ие. Тұрмыс жағдайында —суррогат ана болу|| сөз тіркесі көбінесе қандай да бір әйелдің баланы —тапсырыспен көтеру ұғымын білдіреді. Суррогат ана болу ежелгі уақытта туындағанын айтуға болады. Бірақ ол өзге нысанда көрінді және еш жерде құжатпен бекітілмеген.

Қазіргі заманда суррогат ана болу жасанды ұрықтандыру технологиясы және экстракорпоральды ұрықтандыру пайда болғаннан кейін мүмкін болды. Бұл генетикалық материалды ата-анадан алып, кейіннен бала көтеру және туу үшін табиғи биологиялық инкубаторға-суррогат ананың ағзасына оны —енгізу|| болып табылады.

Суррогат ана болу тұңғыш рет 1980 жылы сәтті жүзеге асқан. Алғашқы суррогат ана Иллинойс штатындағы 37 жастағы Элизабет Кейн болды. Балалы бола алмаған әйел Кейнмен шартқа отырып, құжат бойынша оған табиғи ұрықтандыру жүргізілді. Ал босанғаннан кейін Кейнге ақшалай сыйлықақы төленіп отырды.

Сонымен бірге Кейннің өзінің үш баласы болды. Зерттеуші мамандар суррогаттық тәсілдің ең алғаш рет XX ғасырдың алғашқы жартысында жан-жануарларға жасалғанын айтады. Яғни, бір еркек малдың ұрығымен бірнеше мың ұрғашы мал қолдан шағылыстырылып, ол оң нәтиже берген. Сонан соң мамандар шаруашылықтағы бұқалардың санын азайтып, жаппай осы тәсілді пайдалануға көшкен. Осыдан соң, бұл тәжірибе адамдарға жасалған.

Англияда Эдварде және Стептоу деген дәрігерлер 1978 жылы табиғи жолмен ұрықтана алмаған ерлі-зайыптылар Джон Браун мен Луиз Браунға суррогаттық тәсілді қолданған. Тәжірибе сәтті аяқталады. Сөйтіп, сол жылғы 25 тамызда «құрсақ ана» - Луиз Брауннан алғашқы сәби дүниеге келді. Белсіздік пен бедеуліктің кесірінің соңы адам аяқ баса бермейтін осындай тәуекелді істерге әкеліп соқтырады. Мамандар келешекте елде «суррогат аналардың институтын қалыптастыру керек» деген пікірге тоқтап отыр. Малайзия, Израиль тәрізді елдерде суррогат ананың қызметін қолдану үшін әлеуметтік қызметкерлер, дәрігерлер мен дін өкілдерінен тұратын арнайы комиссия құрылып, мәселе әбден зерттеліп барып келісім беріледі екен. Біршама елдер баланы жат әйелдің жатырына салып өмірге әкелуге заңмен де тыйым салған. Олардың тізімінде Австрия, Норвегия, Швеция, Франция, Италия, Швейцария, Германия сияқты елдер бар.

Ең қызығы, Австралия, Ұлыбритания, Дания, Канада, Нидерланды және Американың бірқатар штаттарында суррогат ана қызметіне жүгінуге рұқсат етілгенмен, оларға ешқандай ақы төленбейді. Аталмыш елдерде суррогат ана болатын жан тегін қызмет көрсетуге келісім беруі тиіс. «Бұл артынан бала өмірге келгенде түсініспеушілік пен келіспеушіліктердің орын алуына жол бермейді» дейді мамандар. Қоғамда түрлі пікір қалыптасты.

Мәселен, қазір, бір сөзбен айтқанда бұл жағдай бизнестің көзіне айналып барады. Таяқтың екі ұшы бар: былай ойлап қарасаңыз бәрі дұрыс секілді, құрсақ анаға (суррогат) биологиялық ата-ананың гаметалары енгізіледі, ол 9 ай көтеріп, нәрестені дүниеге әкеліп, бір балаға зар болған отбасын қуантады, ал, ол отбасы қаржыдан қысылып жүрген әйелге көмек береді. Бір-біріне көмектесті, екеуі де риза дейміз. Қош, солай дейік. Бірақ біз әлемдегі ең хақ дін – ислам дінін ұстанатын мұсылман жұртпыз. Бұл мәселеде дін не дейді? Ислам дінінде некесіз еркектен бала туу (тіпті медициналық жолмен болса да) ауыр күнә болып есептеледі екен.

Балалы болуға әр адамның құқы бар деп үкім шығару адамзаттың қолында емес, оны Ұлы Алла ғана үкім ете алады дейді шариғатта. Бедеу отбасының сәбилі болғысы келуі, ол үшін сур-рогаттық «құрсақ ананың» жатырын жалдауын түсінуге болады. Алайда бізді ойландыратыны, ұлтымыздың, әулетіміздің болашақ ұрпақтарының бойындағы қанының тазалығы. Қаны таза қазақ едік, енді қалай болар екен?!

Негізі, қазақ жетімі мен жесірін елден жібермеу үшін қандай әрекет жасағанын білеміз. Сонымен қатар, баласы жоқ туыс-туғанының етегіне жаңа туған нәрестесін салып беріп «Құдай алдында сұраусыз, бұл сенің балаң» деп ант-су ішіп, ағайынын қуантқан да біздің еліміз емес пе?! Олай болса, қазақтың қыз-келіншектеріне, жалпы қазаққа суррогат ананың қажеті бар ма? деген сұрақтар маза бермейді. Мысалы, Бразилия заңы бойынша тек бірге туғандар, шынайы жаны ашитындар ғана суррогат ана бола алады екен. Бұл мәселеде сол бразилиялықтардан да артық жазылмаған дала заңы бар біздің халқымыз неге шет қалған?

Австралия, Дания, Италия сынды елдер әйел жатырын жалға беруді рұқсат еткенімен, суррогат анаға ақы төлетпейді. Ал көптеген мұсылман елдері «мұндайды атай көрме» дейтіні анық. Бірақ суррогат анаға ақы төлеуді заңдастырған елдер қатарында Оңтүстік Африка, Ресей, Грузия, Украина, Белоруссия және біздің еліміз бар. Осы елдердің арасында суррогаттық қызмет көрсетуде украиндық келіншектер көш басында келеді екен. Әркім өз белі мен құрсағынан бала сүйгісі келеді. Ал суррогаттық жолмен дүниеге келген сәби оның өз баласы болып санала ма? Бұл сұрақтар кімді болсын ойландырмай қоймасы анық. Қазір не көп, аяғын шалыс басып, кейін баласынан бас тартатын қыздар көп. Еліміздің Бас прокуратурасы жыл сайын 10 мыңнан астам тастанды балаларды анықтайды екен. Оның ішінде шетелге сатылып кеткендері қаншама. Біздің ерлі-зайыптылар жат құрсақтан шыққан жасанды балаға сонша қаржы шығарғанша, осы қараусыз балапандарды неге бауырына баспайды? Міне осы секілді сұрақтарда бар қоғамда жауабын таппаған.

Статистикалық мәліметтер бойынша Қазақстанда жанұялардың 15 пайызы бала сүю мүмкіндігіне ие бола алмаса, 30 пайызына репродуктивті технологиямен емделу қажеттігі туындап отыр екен. Бұл еліміздегі әрбір бесінші отбасының бедеулікке шалдыққандығын көрсетеді. Ал, ресми деректерге арқа сүйесек, соңғы жылдары Қазақстанда 400 мыңға жуық сәби дүниеге келсе, 300 мың түсік жасалынған. Олардың ішінде 12 жастағы мектеп оқушыларының да түсік жасатқан дерегі бар. Негізінен, елімізде құрсақтағы баласынан безінгендердің белсенді тобы 17-25 жас аралығындағы бойжеткендер болып отыр. Байқағанымыз елде бедеулікке шалдыққандар да, баладан безініп, жасанды түсік жасатқандар да шамалас. Оған тосқауыл қоюдың жолын іздестірудің орнына суррогаттық «құрсақ ана» арқылы ақысын төлеп, сәби сатып алуды қолдайтындар көбейіп барады. Бүгінде елімізде 350 мыңға жуық отбасы бала сүю бақытынан айрылып отыр.

Ендеше тығырықтан шығудың жалғыз жолы-Суррогат ана. Адам баласы жаратылғаннан бері некенің басты мақсаттарының бірі балалы болумен үйлесім тапқан. Біздің барлық арман-мақсатымыз, үмітіміз сәбидің өмірге келуімен ұштасып жатыр. Алайда, әкелік, аналық бақытын сезіну барлығының маңдайына жазылмаған.

Бедеулік – бұл жай ғана айтылатын сөз емес. Өкінішке қарай, ол көптеген отбасылық жұптар үшін нақты көкейкесті мәселе болып тұр. Бұл некенің бұзылуына және ауыр психологиялық зардапқа әкеліп соғады. Енді медицинаның репродуктивті технологиялар саласында бұрын байқалмаған жетістік балалы болудан көңілі қалған адамдарға үміт

сыйлайды.Екінші жағынан алып қарасаныз,еліміздегі суррогатты ана болатын әйел адамдардың жұмысын қолдаймын.Себебі қазіргі таңда көптеген әйел түрлі себептермен ана бола алмай жатыр.Ал қазіргі кезде ешкім, яғни туған туыстары баласын бермейді ,ол заман қазір жоқ.Сондықтанда барлығы ана болуға құқылы,ең болмаса дәл осындай жолмен.Мен бұрын суррогат ана дегенге жабайы дүние ретінде қарайтын едім.Ал қазір соңғы үмітін ғана үкілеп келген әйелдерді, оларға «құрсақ ана» көмегіне ғана жүгінуден басқа жол жоқ екенін көргенде, әлемде осы әдістің бар екендігіне шүкір деймін. Өйткені осы жарық дүниеде отбасы үшін балалы болудан асқан бақыт жоқ.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қоғамда осы өзекті мәселеге қатысты көзқараста, айтылып жатқан пікірде көптеп кездеседі. Сонымен бірге осы мәселеге қатысты сұрақтарда жеткілікті.

Қазақта «бала адамның бауыр еті» деген сөз бар. Ендеше, бізде заңды түрде суррогат ана болуға болады және оның арнайы келісім-шарты бар.

Заңға енгізілген өзгерістер отбасы бірлігін көздейді. Яғни,әрбір отбасының берекесі,ынтымағы, бірлігі мемлекетіміздің іргетасын берік нығайта түсетіні анық.Сондықтан, мемлекетіміз әрбір отбасының, әрбір адамның тағдырына, болашағына асқан жауапкершілікпен қарайды.[1596]

Барлық нәрсе «сенімге» келіп тірелетіні анық. Біздің ұлан-ғасыр тарихымызда небір байлардың балаға зар болып, неше күн, неше түн Аллаға жалбарынып жатып, бір күткенін сұрап алатыны бар емес пе? Оған батырлар жырын айтсақ та жетеді. Құдайдан сұрап, киелі жерлерді түнеп, жатырына бала біткен талай аналарды естіп те,көріп те жүрген жоқпыз ба? Бәрін денсаулыққа тіреп, суррогат ана қызметіне салып қою қаншалықты мәдениеттілігімізді көрсетеді? Бала туған әйел қырық күн бойына тазалығын сақтаса, барлық күнәсі кешіріледі деуші еді. Әсілі, ғасырлар тезінен сүрінбей өткен дәстүрлі қазақ отбасын қайта қалпына келтіру керек-ау. Сәби сүйгісі келген отбасылар тым болмаса туысқанының баласын асырап, өз бауырына басып жататыны белгілі.

Қазақтың дәстүрлі отбасы институтында бұл үрдіс бұрын да болған, бүгін де бар.Бала көрудің бұдан асқан рухани жолы бар болса, қайсы? Заманауи деп суррогат анаға жүгінгенімізбен, небір сыннан алып шыққан ата салтын да ұмытпайық.

Қазір суррогаттық ана болуды бизнеске айналдыру туралы көп жазылып жатыр. Әсіресе, суррогаттық ана мәселесін баланы саудаға салумен байланыстырады. Бұндай көзқарастардың болуы да негізсіз емес шығар. Қайткен күнде де, біз дүниежүзінде әрбір бесінші ерлі-зайыптылар денсаулықтарына байланысты балалы болу бақытына ие бола алмайтындығын ескеруіміз керек.

Бедеулік мәселесі жанұялардың бөлінуіне, нәтижесінде жалғыз қалып, қасірет шегуіне себеп болатындығына дәлелдер көп.Сонымен қоса балалы бола алмайтын жалғызбасты әйелдер де бар. Кім балалы болып, ата-аналық сезімге бөленгісі келмейді?

Кейбір жанұя бұл мәселені бала асырап алып шешеді.Ал кейбір жанұялар өздерінің генетикалық балалары болғанын қалайды. Бұл да – табиғи құбылыс және де балалы болу мүмкіншілігі – әр адамның негізгі құқығы. Сондықтан бұл мәселені шешуде мемлекет тарапынан іс-шаралар жасалуы керек.

Біздің елімізде де осындай жағдайлар жасалса, демографиялық жағдай да жақсара түсер еді. Ал суррогаттық ана қызметіне сауатты түрде бару керек. Бұл қызметті атқарушыға қойылатын талаптар да аз емес.

Әйелдің денсаулығынан бастап, оның өмір сүру стилі, ортасы, дүниетанымы үлкен рөл атқарады. Баланың дүниеге келуін қалайтын генетикалық ата-анасына қойылатын талап тіпті жоғары болуы керек.

Жалпы, баланың құқығы толық қамтамасыз етіліп, барлық болуы мүмкін жағдайлар ескерілгені дұрыс.Бала өмірі бағаланбайтын, ең жоғары құндылық екендігін ұмытпауымыз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі. 9- тарау, 54-59 бап.
2. Ағдарбеков Т.Әлайдар А.Алайдаров А. Құқық негіздері.-Алматы,2012.
3. Қондыбай С.А''Қоғамдағы өзекті мәселе'' 9 том.- Алматы,2011.
4. Дронова Ю.А. —Суррогат ана жайлы не білуіміз керек||. Алматы, 2007.
5. Сүлеймен М. Суррогаттық «күрсак ана». -Азия информ. 2012.

ОБЩАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА КОНДОМИНИАЛЬНЫХ ПРАВООТНОШЕНИЙ

Рахманкулова Динара Дулатовна

rakhmankulova_dd@enu.kz

Магистрант 2 курса специальности юриспруденция

Карагандинского университета «Болашақ»,

Караганда, Қазақстан

Научный руководитель – А.К. Кусаинова

По сложившейся традиции право собственности, в том числе кондоминиум как форма собственности, изучается юристами и в аспекте субъективного права собственника, и как объективное право – совокупность правовых норм, закрепляющих единообразное понимание кондоминиума как субъективного права и как права в объективном смысле, что, несомненно, имеет большую научную ценность. Однако при таком подходе к изучению кондоминиума вне поля зрения исследования оказываются пути и формы осуществления, заключенных в праве возможностей. Между тем практический интерес для носителей каждого права имеет не само по себе право, результат его реализации. Представляемая же правом возможность может превратиться действительность, т.е. в реальное благо (материальное или иное), только в рамках правового отношения. Поэтому представляется целесообразным предпослать изучению объектов и субъектов кондоминиума вопрос о понятии кондоминиального правоотношения, который в литературе разработки не получил.

Реализация норм, регулирующих отношения собственности, происходит в рамках абсолютных правоотношений, то есть в правовых отношениях собственника с неопределенным количеством обязанных лиц, на которых возлагается юридическая обязанность воздерживаться от нарушения сферы управомоченного.

Абсолютное правоотношение представляет собой единственно возможную форму реализации субъективного права собственника собственника и корреспондирующей ему пассивной юридической обязанности третьих лиц.

Абсолютными по своей природе являются и кондоминиальные правоотношения. Будучи разновидностью правоотношений собственности, они характеризуются признаками, присущими юридическим отношениям данного рода. Однако кондоминиальные правоотношения имеют свою специфику, которая выражается в том, что кондоминиум как форма собственности сочетает в себе и право индивидуальной (раздельной) собственности, и право общей долевой собственности на общее имущество многоквартирного жилого дома. Соответственно, кондоминиальные правоотношения имеют двойную структуру. С одной стороны, правоотношения собственности в чистом виде на приватизированную квартиру, с другой стороны – правоотношения общей долевой кондоминиальной собственности на такое имущество, как лестничные пролеты, лифты, крыши, подвалы, земельный участок и т.д. Данные правоотношения носят название кондоминиальных. Их особенность заключается в том, что единая система правоотношений, в которых сочетаются указанные выше правоотношения. В кондоминиальных правоотношениях каждый из участников является носителем абсолютного субъективного права собственности, которое реализуется главным образом в их собственном (урегулированном правовыми нормами и не противоречащим эти нормам общим соглашением) поведении. Абсолютному субъективному праву участников